

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялық-козғаушылық</p>	<p>Балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Сәлемдесу. <i>Музыка жетекшіі:</i> Сәлеметсіңдер ме, алақандар! Сәлеметсіңдер ме, аяқтар! Сәлеметсіңдер ме, жақтарым! Томпақ жақтарым! Сәлеметсіңдерме, еріндерім! Сәлеметсіңдер ме тістерім! Сәлем, менің мұрным! Сәлеметсіңдер ме, балалар!</p> <p>Балалар мен аналары туралы әңгіме айтып, өз сезімдері, ой-пікірлері туралы сұрайды. Суретшілердің әйел-ананы бейнелейтін суреттерін көрсетеді, әңгімелейді. Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың бейнелерін атап айтуды сұрайды (қуанышты, салмақты, сабырлы, т.б.) – Ал сендердің аналарың қандай көңіл күйде жүреді? – Қуанғанда қандай болады? – Сендерге ренжігенде не істейді? – Сендерді еркелеткенде, жақсы көріп иіскегенде түрі қандай болады? Балаларға мимика арқылы көрсетуді ұсынады. <i>Еркелеткен баласын,</i> <i>Аман болшы, анашым.</i> Музыкалық-ырғақтық қимыл: <i>Музыка жетекшіі:</i> Балалар біз сендермен ғажайып қамқоршы аналар әлемінде өмір сүріп жатырмыз. Бұл әлемде әрқашан күннің көзі жарқырап тұр, бұл әлемде аяулы, мейірімді, көңілді аналарымыз өмір сүреді. Балалар, ал енді мен сендерді көңілді биге шақырамын. Кәне менімен тұрып, менің соңымнан қайталаңдар. <i>Музыка жетекшіі:</i> Балалар, тезірек жауаптарыңды беріңдер. Кім сендерді қатты жақсы көреді? Кім сендерге ұрысады және кешіреді? Кім сендерді бақшаға әкеледі?</p>	<p>Балалар көңілді әуенмен залға кіреді. Хлоп, хлоп, хлоп. (алақандарын соғады) Топ, топ, топ.(кезекпен аяқтармен топылдатады) (алақандармен жақтарын жеңіл соғады) жақтарын үрлейді және жұдырықтармен ауаны шығару үшін жақтарын жеңіл соғады. Еріндерімен қимыл жасайды. Үш рет тістерімен соғады Биб, биб, биб. (балалар үш рет оң қол саусағымен мұрның шетіне тигізеді) Сәлеметсізбе! (орындарына барып отырады).</p> <p>Суретшілердің еңбектерін тамашалап, эмоциялық бейнелерін салыстырады,, әңгімелейді.</p> <p>Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Мимиканы өзгерте отырып көңіл күй түрлерін көрсетеді.</p> <p>Балалар көңілді биге сәйкес би қимылдарын жасайды.</p> <p>Ана! Ана! Ана!</p>

	<p>Кім шыршаны безендіреді жәнесәнді киімсатып алады? Кім әлемде ең ақылды, әдеміжәнемейірімді?</p>	<p>Ана! Ана!</p>
<p>Ұйымдастырушылық-ізденістік</p>	<p>Ырғақ сезімін дамыту, музыка шығармашылығы: <i>Музыка жетекші:</i> Ал енді қолымызға музыкалық таяқшаларды алып, солармен ойнап көрейік. Ал тапсырма осындай: қысқа әуен-фразаны айтып, бәріміз таяқшалармен сәйкес ырғақ жасаймыз. Сендер секіріңдер таяқшалар, Нұрлы көжектер сияқты.</p> <p>Прыг-прыг. Скок-скок.. Шауып келдік алаңға. Оң аяқпен Топ-топ. Сол аяқпен Топ-топ. Келіп басқа отырды,</p> <p>Әндерін салды. <i>Музыка жетекшісі ана туралы шағын фразаны ойлап табуды ұсынады. Содан соң бір баланың атын атайды. Бала шығып ана туралы шағын фразаны ойлап табады, мысалы: «Аяулы анам, сен ең әдемі», әндетеді және барлық балалар қайталайды. Әрі қарай жаттығу қайталанады.</i> Музыка тыңдау: «Аман болшы, анашым!» <i>Музыка жетекшісі:</i> Ана... Қандай жылы сөз, біздің жүрегімізде сақталады. Ананың махабатты өмір бойы бізді жылтыпкеледі. – Бұл ән бәріміздің де аналарымызға арналған. – Әннің көңіл күйі қандай? – Сендерге ұнады ма? Мазмұнын әңгімелеуді сұрайды. <i>Музыка жетекшісі:</i> Ал енді музыканы тыңдайық. Қолдарыңа карточкаларды алып, тыңдалған шығармаларға, көңіл күйіне байланысты тиісті карточканы көрсетіңдер. Музыкалық-дидактикалық ойын: «Үш</p>	<p>Әр төрттік нотаға екі таяқшамен бір уақытта тізеден соғады Таяқшамен таяқшаны соғады. Әр сегіздік нотаға кезек-кезек таяқшамен тізеден соғады. Әр төрттік нотаға оң қолымен оң тізеге таяқшалармен соғады. Әр төрттік нотаға сол қолымен сол тізеге таяқшалармен соғады.</p> <p>«мүйіз» жасайды (таяқшаларды басқа қояды) және олармен қозғалтады. Таяқшалармен әр төрттік нотаға соғады. Балалар жаттығуларды орындайды.</p> <p>Әнді зейін қойып тыңдап, әсер алады. Нәзік әуенді сезініп, ойға батады.</p> <p>Ұнады Алған әсерлерін жеткізе айтып, әңгімелейді.</p>

	<p>гүл» <i>Әр балада үш гүлден: көңілді, мұңды және ұйықылы.</i> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Шығармадан үзінді тыңдау «Полька» Ю. Чичковтікі</i> <p>Музыканың көңіл-күйі қандай?</p> <p>Неліктен сендер анаңмен көңілді боласыздар?</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Шығармадан үзінді тыңдау «Күзгі ән» П. Чайковскийдің</i> <p>Бұл шығарманың көңіл-күйі қандай?</p> <p>Аналарың үйде болмағанда, өздерінді қалай сезінесіңдер?</p> <p>Тағы неліктен мұңды болады?</p> <p>Ал неліктен аналарың мұңды болады?</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Шығармадан үзінді тыңдау «Ұйқылы мысықай» Б. Берлиндікі</i> <p>Қалай ойлайсындар, осы музыка бізге не туралы әңгімелейді?</p> <p>Көңіл күйі қандай?</p> <p>Аналарың сендерге бесік жырын айтады ма?</p> <p>Мейірімді сөздер айтады ма?</p> <p>Сол кезде өздерінді қалай сезінесіңдер?</p> <p>Дауыс жаттығуы: «Әдемі ән», «Анашым».</p> <p>Терең тыныс алып, дыбыстардың біркелкі шығуына көңіл аудару. Таза айтуларын қадағалау.</p> <p>Ән айту: «Анашым»(Е.Хасанғалиев, А.Асылбек) орындалады. Балаларға ән мәтіні және әуені үйретіледі.</p> </p>	<p>Балалар шығармадан үзінді тындап музыканың көңіл-күйін ажыратады.</p> <p>Музыканың көңіл-күйі қуанышты, көңілді Жауаптарын айтады</p> <p>Шығарманың көңіл күйі мұңды.</p> <p>Анамыз үйде болмағанда мұң, уайым, қайғы, сағынышты сезінеміз. Жауаптарын айтады.</p> <p>Ия, айтады. Айтады Сол кезде өзімізді жайымен, жылы сезінеміз. Жаттығуды көңілді, жайдары орындап, терция (ре I, фа I) ми, ля кварта интервалдарын таза орындауға жаттығады. Әнді тындап, нәзік, сазды әуенін сезіне қабылдайды. Әнді орындағанда әннің сипатын түсініп, оны өз эмоцияларымен көрсете біледі.</p>
<p>Рефлексиялық-түзетушілік</p>	<p>Апликациядан ұжыммен шығармашылық жұмыс <i>Музыка жетекшісі:</i> Халықта айтылады: «анамыз үйде, аспанда күннің көзі дегені»Қалай ойлайсындар-ана үйде, аспанда күннің көзі. Қалай ойлайсындар осы сөздер қандай мағынаны білдіреді?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ана үйде дегені – үйде жылы болғаны, яғни күннің шуақтарынан барлық әлемдегі адамдарға жылы болады. • Ананың қолдары назік, аялы, сүйкімді, күннің көзі сияқты. <p><i>Музыка жетекшісі:</i> Қараңдар, бізде күннің көзі бар – үлкен, әдемі. <i>(Ватманда алдын ала дайындап салынған күннің көзін көрсетеді)</i> Біздің күннің көзінде не</p>	<p>Балалар мағынаны түсініп, айтқанымен келіседі.</p> <p>Біздің күннің көзінде шуақтары</p>

	<p>жетпейді? (<i>Шуақтары.</i>) Қалай ойлайсындар, біздің күннің көзінде шуақтары не болады?(<i>Ананың алақандары</i>) Апликация. <i>Балалар алдын ала дайындаған алақандарды күннің көзінің айналасын жапсырады.</i> <i>Музыка жетекшісі:</i> Балалар, қалай ойлайсындар, біздің күннің көзі аналарымызға ұқсайды ма? Ол қандай? Демек анамыз көп мейірімді жұмыстар істеуге үлгереді <i>Музыка жетекшісі:</i> Әрине, балалар, және де ол жылы, мейірімді сендердің аналарың сияқты. Бұл күннің көзі сендердің топтарыңды көркейтеді және оның мейірімді шуақтары ананың жылы алақандарын естеріне түсіріп отырады. Ал біздің оқу іс әрекетіміз аяқталды, бүгін сендер жақсы жұмыс істедіңдер, жарайсындар. Үйге барғанда аналарыңа айтып барыңдар, қалай қатты сендер аналарыңды жақсы көресіңдер. Сау болыңдар!</p>	<p>жетпейді. Ананың алақандары. Ия, ұқсайды. Ол мейірімді. Ода қолдары көп Көңілді көңіл күймен залдан шығады.</p>
--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыкалық шығармаларды тыңдап, ажыратады. Ананың мейірімді жан екенің түсінеді.

Игереді: Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезінеді, мимика түрінде көрсете алады. Музыка ырғағын сақтап, би қимылдарын еркін, жеңіл орындайды, аспаптардың үндестігін естіп, бірге оркестрде ойнайды.

Меңгереді: Анаға деген күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылу сезімдерін ән арқылы жеткізе біледі, әнді ынтамен айтады.